

6D120100 - «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін тағайындалуына ұсынылған Әбдіраманова Ботагөз Ақайдарқызының «Trichophyton verrucosum қоздырғышын молекулярлық-генетикалық тест жүйесімен анықтау және поливалентті инактивтендірілген вакцинамен алдын алу және емдеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Әбдіраманова Ботагөз Ақайдарқызының «Trichophyton verrucosum қоздырғышын молекулярлық-генетикалық тест жүйесімен анықтау және поливалентті инактивтендірілген вакцинамен алдын алу және емдеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия	1) Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасындағы 2018-2020 жж. «Бордақылау алаңында бұқашықтарды піштіру, олардың белсенділігін басу, сұрыптау, жарамсыз деп танудың практикалық технологияларын әзірлеу», тақырыбы ҚР АШМ БМҚ бағдарламасы бойынша, BR06249373-ОТ-207 орындалған. 2) 2022-2024 жылдарға арналған 217 «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасы, 102 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» кіші бағдарламасы, 154 ерекшелік бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны іске асыруға мемлекеттік тапсырыс шеңберінде ғылыми зерттеулерді орындауға арналған

		бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	2022 жылы 20 қазан №292/ЖҒ-2-22-24 келісім-шартпен бекітілген гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру жұмыстарын жүргізу мақсатында жүргізілген.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс <i>Trichophyton verrucosum</i> қоздырғышын молекулярлық-генетикалық тест жүйесімен балау қою арқылы, аталмыш ауруға дер кезінде емдік іс шараларын орындауға мүмкіндік тудырып, ғылымға және өндіріске үлкен үлес қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Өзі жазу деңгейі жоғары . Зерттеулердің тәуелсіздік принципі өте жоғары, табиғи жағдайда <i>Trichophyton verrucosum</i> қоздырғышын бөліп алу 3 облысқа, соның ішінде 12 шаруа қожалықтарына аталмыш ауруға мониторинг жүргізіп, 141 залалды сынамалар бөліп алған. Бөліп алынған түздік изоляттардың зардаптылығын, уыттылық және иммуногендік қасиеттері зерттелген және сұрыптау жұмыстары жүргізілген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыс кәзіргі кездегі өзекті мәселеге арналып жазылған және ғылыми-практикалық тұрғыдан, толығымен негізделген . Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс өзекті, жаңалық белгілері бар, толық ғылыми зерттелген жұмыс болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды .

		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыс материалдарының барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық жағынан толық өзара толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Ірі кара малының трихофитиясы зертханалық (микроскопиялық, өсіндіні өсіріп бөліп алу) және молекулярлық-генетикалық тест жүйесі (ПТР) әдістерімен жүргізілген және зерттеу нәтижелері сыни түрде талданған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның негізінде ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?	Диссертацияның қорытындылары, алынған нәтижелерден туындайды және толығымен жаңа болып табылады.

		1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	<i>Trichophyton verrucosum</i> қоздырғышын молекулярлық-генетикалық тест жүйесімен (ПТР әдісі) анықтау, ветеринария саласында алғаш рет өндіріске енгізілген, сондықтан - диссертациялық жұмыстың техникалық тұрғыдан толығымен жаңа шешім деп қарастыруға болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар зертханалық және молекулярлық-генетикалық тест жүйесімен (ПТР әдісі) анықтау және өндірістік зерттеулерінен туындайды және нақты дәлелдемелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстағы қорғауға шығарылған әрбір қағидат ізденушінің тиісті зерттеу нәтижелерімен дәлелденген және оның жарияланған мақалалары мен патенттері арқылы беріліп, нақтыланған. Қағидаттардың қолдану деңгейі өте кең, өйткені ірі қара малдың трихофитиясы зертханалық және молекулярлық-генетикалық тест жүйесімен (ПТР әдісі) жедел балау қою, поливалентті инактивтендірілген вакцинамен алдын алу және емдеу жұмыстарын дер кезінде ұйымдастырудың маңызы өте зор. Алынған нәтижелер жаңа және мақалалар

		7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	мен ҚР патентімен (пайдалы модель) дәлелденген және расталған.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Ия. Әдістеменің таңдауы негізделген және диссертациялық жұмыстағы зерттеу міндеттеріне толық сәйкес келеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері зертханалық және молекулярлық-генетикалық тест жүйесімен (ПТР әдісі) балау, зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану арқылы алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша	Ия. Диссертациялық жұмыстың қорытындылары тәжірибелік зерттеулермен негізделген, расталған және дәлелденген.

		даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді, отандық және шет елдік ғалымдарының өзекті ғылыми әдебиеттерге жасаған сілтемелері арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі, әдеби шолуға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді ірі қара мал шаруашылықтарында практикаға қолдануға мүмкіндігі өте жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы - жоғары. Диссертациялық жұмыс, жалпы талаптарға сай жазылған және кіріспеден, әдебиеттерге шолудан, материалдар мен әдістерден, нәтижелер мен талқылаудан, қорытындылардан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Ұсынылған материалдар академиялық жазудың жеткілікті жоғары сапасын көрсетеді және тұтас жұмыс болып табылады.
11	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияны тексеру барысында грамматикалық, стилистік қателер орын алды.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі өте жоғары. Интернет желісіндегі журналдар сайтынан жарық көрген мақалаларды толық құнды оқып шықтым, мақалалар мазмұны диссертация мазмұнымен сәйкес келеді.

